


ҚАЗАҚТЫҢ КӨРКЕМӨНЕРІН КӨРКЕЙТЕМІЗ



Бүкіл елімізбен бізге күрделі табыстар жылы болған 37-жылды қорытындылап, алдағы жыл да осындай табыстар жылы болатындығына көзіміз жетеді. Біздің Мирзоян атындағы Қазақ опера-балет театрының коллективі өткен жылды табыстармен аяқтады. Ленинград сияқты орталықтарға барып қазақтың жаңа социалистік өнерін көрсетіп қайтты. Мұнан кейін «Жалбыр» операсын жасады. «Қыз Жібек» операсын жасауға дайындық жасап жатырмыз. Бұл біздің өткен жылдағы табыстарымыздың қорытындысы. Алдағы жылды біз бүкіл қазақ өнерінде мол күрделі табыстар жылы етпекпіз.

«Айман-Шолпан» операсын жасамақшымыз. Бұл жаңа опералар жасау міндеті біздің коллективімізге жақсы мектеп болады. Биылғы жылдың мамыр айында біздің театрымыздың коллективі туысқан Украина Республикасына бармақшы болып отыр. Онда өзіміздің Отанымызды көрсетіп, украиндық туысқандарды қазақ көркемөнерімен таныстырамыз, сонымен қатар Украинаның социалистік өнер қайраткерлерінен үйренеміз. Бұл біздің әріптестеріміз үшін өткен жылғы декададан кейінгі үлкен мектеп болатындығы даусыз.

Біздің коллективіміз... биылғы жылы да үлкен табыстарға жетеді. Қазақ искусствосында болған зиянкестіктің зардабын қалдырмай жатып, жас таланттарды өсіру жұмыстарын шындап қолға алып отырамыз. Бүгінгі күні қояйын деп отырған постановкамыз «Қыз Жібек» пьесасында әрқашан жас әртістер ойнамақшы. Жаңа жылда біздің мойнымызға алған міндеттеріміз осындай.

СССР Ұлы Советінің жұмыс істейтін үшінші бесжылдықтың алғашқы жылы 1938-жыл, хош келіпсің!

«Социалды Қазақстан», 1938, 01 қаңтар